

Зияев Мейірхан Нұржанұлы

«Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы» РМҚК
«Археология» ғылыми-зерттеу бөлімі
Шәуілдір, Қазақстан; miho_93kz@mail.ru

Ортағасырлық жерлеу мәдениеті

Аннотация: Мақалада Сырдың орта ағысында орналасқан жерлеу орындарының түрлері мен салынған мерзімі қарастырылған. Сонымен бірге, обалы қорымдар мен жерлеу орындарына жүргізілген зерттеулер жайында жалпылама шолу жасалды.

Кілт сөздер: Отырар, Сырдария, обалы қорымдар, зерттеулер мен деректер.

Қазіргі таңға дейін Отырар өңірінің географиялық орналасу тарихы толық жазылды біткен деп саналып келді. Осы уақытқа дейінгі қол жеткізілген нәтижелерге сүйене отырып Отырар өңірінің тарихын бірнеше кезеңге бөліп қарастырылып зерттелді және жазылып бітті деуге де болады. Әрине, бұл жерде бастысы бізге жеткен жазба деректер мен осы өңірде орналасқан тарихи-мәдени мұраны зерттеу, зерделеу арқылы қол жеткізілген нәтижелерді ғана айтып отырмыз. Алайда, өңір тарихында ашылмаған тың беттер әлі де жетерлік десек артық айтпаған болар едік.

Еліміздің мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосатын обалы қорымдар ата-бабаларымыздан қалған жарқын мәдениет қалдығы десек қате айтпаған болар едік. Обаларды зерттеу үшін алдымен олардың негізгі ерекшеліктері анықталатыны белгілі. Бұл жерде бастапқыда обаның сыртқы құрылысы, қоршауы, өлшемі, құрылысқа пайдаланған материалы сипатталады.

Бұдан кейін жерлеу орындарының ішкі құрылысы, яғни, ағаштан, тастан қаланған қабір, сағына, катакомбалы жерлеу дәстүрлері анықталып сипатталады. Бізге дейінгі жүргізілген зерттеулерге сүйенсек Отырар өңірінен анықталып отырған жерлеу орындарының ең көнесі Қыркескен қорымы деп саналып отыр. Оңтүстік өңірін мекендеген Тиграхауда сақтарының

тікелей жалғасы болып табылатын ғұн дәуіріне тән Қыркескен қорымына 1976 жылы Б.Нұрмағанбетовтың жетекшілігімен қазба жұмысы жүргізіліп, өңір тарихы көптеген тың деректермен толыға түсті. Б.з. II-IV ғасырына тән қорымнан 27 жерлеу орны зерттеліп, жерлеу үлгісінің 3 түрі анықталды. Оның біріншісі – басы солтүстік-солтүстік-шығыс бағытында, бетін оңға қаратып шалқасынан жатқызылған мүрделер тобы кіреді. Екінші түріне – басы батыс-оңтүстік-батыс бағытында қойылып, бетін жоғары қаратып, шалқасынан қойылған мүрделер тобы ал, үшінші түріне – шалқасынан жатқызылып, басы оңтүстік-оңтүстік-шығысқа қаратылған мүрделер тобы кіреді.

Бұл өңірден Қыркескен қорымынан өзге темір, қола дәуірлеріне тән жерлеу орындары кездесетіні күмәнсіз. Бұған арнайы зерттеу жүргізу, ғылыми айналымға енгізу бүгінгі күні ең өзекті мәселеге айналып отырғаны шындық. Отырар өңірінде тарихи көне ескерткіштерді зерттеу, орнын табу, ғылыми тұрғыда айналымға енгізуді пайдалана отырып ескерткіштің нақты мерзімін анықтап өңір тарихының жаңа белестерін ашу кезек күттірмейтін мәселе ретінде қараған дұрыс болар еді.

Бұдан кейінгі көне жерлеу орнына Көкмардан қорымы кіреді. Сырдың орта ағысын мекендеген қаңлылар туралы деректі қытай жазбаларынан жиі кездестіруге болады. Өз заманында мықты держава құрай білген қаңлы тайпасынан бізге жеткен құнды ескерткіштер қатарында Көкмардан қалажұрты мен осы төңіректе шоғырланған бірқатар ескерткіштерді атауға болады. Көкмардан қалажұртының мазаратын 1977-1980 жылдары аралығында ОҚКАЭ-ның отряды ашып зерттеді. Кейінірек, 1989-1990 жылдары аралығында ОМАҚМ қызметкерлері тарапынан зерттеу жұмысы жалғасын тапты. Мәйіттер арнайы соғылған пахса платформаларға ойылып қойылған. Бұл жерде тағы бір назар аударарлық жәйт, мүрдені қоюда ешқандай реттіліктің жоқтығы. Мүрделердің бастары дүниенің кез-келген бағытына қарай, қойылатын жердің ыңғайына қарай орналастырылған.

Көне қорымдарды зерттеу тек б.з. I-IV ғғ. яғни, сақ, қаңлы дәуірімен шектеліп отыр. Отырар қорық-музейі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Сырдария өзенінің сол

жағалауы мен Қожатоғай өңіріне 2002-2004 жылдары аралығында экспедиция ұйымдастырған болатын. Археологиялық барлау жұмыстары барысында бір ғана Арыс, Отырар аудандарынан 30 дан астам қорым орындары анықталды. Анықталған қорымдардың бірқатары ерте темір, қола дәуірлеріне жатқызылса, бірқатар обалар VIII-IX ғасырға, яғни, көне түркі дәуіріне жатқызылып отыр. Алайда, бұл жерде басты назар аударатын мәселе жоғарыда айтылып отырған ескерткіштерге қазба жұмысы жүргізілмегені себепті нақты салыну мерзімін анықтау мүмкін болмай тұр.

Сырдың орта ағысында орналасқан обалы қорымдардың есебін алу, қорғау аймағын анықтау өз алдына, зерттеу жұмысын толыққанды жүргізу үш бағытта жұмыс жасаған дұрыс деп есептеп отырмыз. Бірінші бағыты – Оңтүстік өңірде жүргізілген зерттеу жұмыстары жайында толық материал жинастыру және Сырдың сол жағалауының Отырар өңіріне қарасты территориядан анықталып отырған обалы қорымдарға кешенді түрде зерттеу жүргізу. Екінші бағыты – Сыр өзенінің оң жағалауы мен Арыс өзені бойында орналасқан обалы қорымдарға зерттеу жүргізу. Үшінші бағыты – Шардара, Арыс, Ордабасы аудандарынан анықталып отырған обалы қорымдарға жүргізілген зерттеу жұмыстарын жинастыру, жүйелеу. Бұл жерде басты назарда болатын жайт, бұған дейін анықталған және барлау жұмысы барысында анықталатын обалы қорымдардың туыстық байланысының ара-жігін ажырату. Ол үшін жалпылама барлау жұмыстарын жүргізгеннен бөлек барлау қазбаларын жүргізу арқылы заттай материалдар жинақтау. Нәтижесінде жинақталған материалдарды салыстыра отырып анықталған ескерткіштердің салынған мерзімі, туыстық байланыстары анықталады.

Жоғарыда аталған пікірлерді саралай келе Сырдың орта ағысында орналасқан обалы қорымдарды зерттеу, ғылыми айналымға енгізу арқылы темір, қола және орта ғасыр кезеңінде мекен еткен ұлыстар мен мемлекеттердің даму кезеңдерін Орта Азияда жүргізіліп келе жатқан зерттеулермен салыстыра отырып айырмашылықтары мен туыстық байланысын анықтау қажет. Ендігі кезекте Отырар өңірінен анықталып отырған обалы қорымдар туралы қысқаша сипаттама бере кетсек. Бұл

жерде тізбектеле және шашырай орналасқан обалы қорымдар мен дм-рі 30 м-ден жоғары жеке орналасқан көсемдік обаларға тоқталуға болады. Бұл жерде тағы бір айта кететін жайт Сырдария бойынан анықталып отырған обалардың басым бөлігі қорым түрінде, яғни, құрамында бес не одан да көп обалары бар болса, Арыс өзенінің бойынан анықталып отырған обалардың көпшілігі дерлік жекелеген обадан тұрады. Сонымен қатар, бұл жерден анықталып отырған обалардың дм-і 25-30 метрден кем еместігі ерекше назар аудартады. Бір замандарда үлкен обалар тонауға ұшыраған болуы мүмкін, бірқатарының ортасында дм-і 5-11 м келетін қазан шұңқырлары сақталған.

Үрпек обалары, Шәмші Қалдаяқов ауылының оңтүстік-батысынан 2,6 км жерде, Арыс өзенінің сол жағалауында орналасқан. Топырақпен үйілген 2 обадан тұрады. Оңтүстік-шығысында орналасқан 1-ші обаның дм: 37 м, биіктігі 3 м. Ортасында дм: 9 м келетін, тоналудан қалған болуы мүмкін шұңқыр орны сақталған. Солтүстік-шығысында орналасқан 2-ші обаның дм: 35 м, биіктігі 2,5 м. Бұл обаның сақталуы жақсы.

Қарақоныр обалары, Шәмші Қалдаяқов ауылының батысынан 4 км жерде, Арыс өзенінің сол жағалауында орналасқан. Топырақпен үйілген 4 обадан тұрады. Солтүстік-шығыстан оңтүстік-батыс бағытында қойылған обалардың ортасында тұрған бір обаның дм: 83 м, биіктігі 3,5 м. Обаның сақталуы жақсы, алайда, ортасында дм: 13 м келетін тонаудан қалған болуы мүмкін, шұңқыр сақталған. Екі шетінде орналасқан обалар шағын, дм-і 12-14 м аралығында. Биіктігі 0,3-0,5 м аралығында. Бұл жердегі шағын обалардың сақталуы нашар, жермен-жексен болып жайылып кеткен.

Сазан төбе обалы қорымы, Отырар өңірінде біршама толымды зерттелген обалы қорымы Сазантөбе обалы қорымы саналады. Бұл жерде ескерткіштерге арнайы кешенді түрде қазба жұмысы жүргізілмесе де К.М. Байпаковтың жетекшілігімен З. Исабек, С. Ахметтер Көксарай археологиялық экспедициясын құрып, Сырдың сол жағалауында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, есепке алу жұмыстарын жүргізген болатын. Нәтижесінде, Отырар ауданына қарасты Аққұм ауылының солтүстігінде орналасқан Сазан төбе маңынан көптеген оба орындарын анықтап зерттеген

болатын. Үш топтан тұратын обалардың барлығы дерлік топырақпен үйілген. Көлемдері де әркелкі.

Бірінші топқа жататын обалар тобынан, яғни, Сазан төбенің оңтүстік-батысында 4 км жерде орналасқан үш оба шығыстан – батысқа қарай созылып орналасқан. Обалар тобының ішіндегі ең үлкенінің диаметрі 40 м, сақталған биіктігі 1,4 м. Қалған екі обаның диаметрлері 20-24 м, биіктіктері 0,4-0,6 м аралығында.

Екінші обалы қорым аталған төбенің оңтүстік – батысынан 6 км жерде, жазықта орналасқан. Қорым 10 обадан тұрады. Ішіндегі екі үлкен обаның диаметрлері 17-22 м, биіктігі 0,6-0,8 м аралығында. Қалған сегіз оба шағын, диаметрлері 8-12 м, сақталған биіктіктері 0,3-0,4 м аралығында. Шашырай орналасқан обалардың барлығы дерлік жауын-шашын әсерінен жайылып, шөгіп кеткен.

Үшінші обалы қорым Жанкелді ауылының оңтүстік-шығысында 4 км жерде, Шәуілдір – Аққұм тас жолының сол жағында орналасқан. Қорым топырақпен үйілген 10 обадан тұрады. Қорым ішіндегі шағын обалардың диаметрлері 20-35 м, биіктігі 0,5-0,7 м аралығында. Ең үлкен обалардың диаметрлері 34-50 м, биіктіктері 1,4-2 м аралығында. Бір-бірінен алшақ орналасқан обалардың сақталуы әркелкі.

Мұрынқарақ обалы қорымы, Аққұм ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 37 км жерде, Мұрынқарақ тауының басында орналасқан. Алғаш рет 1900 жылы Н.В. Руднев ашып зерттеген. 2003 жылы Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі (С. Ахмет, З. Исабек) зерттеп, толық ғылыми сипаттамасын жасаған. Тас пен топырақтан үйілген қорым бес обадан тұрады. Оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай тізбектеле орналасқан обалардың диаметрлері 12-14 м, биіктігі 0,7-1 м аралығында. Сырдың орта ағысы саналатын Шардара, Арыс, Отырар, Түркістан аймағы бағзы замандардан көптеген ескерткіштерге толы. Бұл өңірден мақалада аталған обалы қорымдардан өзге мұндай жерлеу орындарын көптеп кездестіруге болады. Көпшілікке мәлім, топырақпен үйілген обалардың басым бөлігі дерлік жайылып, жермен-жексен болып кеткені белгілі. Бұған қазіргі уақытта бос жатқан жерлердің суармалы егістікке айналдырылуы да өз үлесін қосып жатыр.

Онсыз да сұлбалары әрең көрініп жатқан обалар соқамен айдалып, тегістеліп кетуде. Осыған орай, алдағы уақытта обалы қорым орындарын анықтау, қорықтық аймағын белгілеу, сақтау жұмыстарын жеделдете қолға алып, тарихымыз үшін, келешек ұрпақ үшін тарихи-мәдени мұрамызды сақтау бүгінгі күннің басты міндеті деп білемін.

Аннотация: В статье описаны типы захоронений, расположенных в среднем течении Сырдарьи и даты их сооружения. Вместе с тем был сделан общий обзор исследований, проведенных на могильниках и захоронениях.

Ключевые слова: Отырар, Сырдарья, чумные могильники, исследования и данные.

Annotation: The article describes the types of burials located in the middle reaches of the Syrdaria, and the dates of their construction. At the same time, a general review of the studies carried out on burial grounds and burials was made.

Key words: Otyrar, Syrdaria, plague burial grounds, research and data.

Кукушкин Алексей Игоревич,
Дмитриев Евгений Анатольевич,
Шохатаев Олжас Саятович

Карагандинский университет им. Е.А. Букетова
г. Караганды, Казахстан; tatarlandia@mail.ru,
yevgenii1992@mail.ru, olghas-85@mail.ru

Ключевые вехи археологического изучения эпохи бронзы Северного Казахстана в 40-е – 80-е гг. XX вв.

Аннотация: Середина XX века является ключевым рубежом в развитии исторической науки Казахстана. В это время начинается становление казахстанской археологической школы. Великая Отечественная война естественным образом притормозила развитие историко-археологических